

Ақпараттық терминал

Ақпараттық терминал – интерактивті форма түрінде бір орыннан қол жетімді ақпарат беретін электрондық құрал.

Ақпараттық терминал не үшін қажет:

Негізгі мақсаты – жылдамдықты еселеп ұлғайту және қызмет көрсету сапасын жоғарлату болып табылады. Яғни, сіз қызмет көрсететін халыққа ақпарат берудің қажеті жоқ, барлық ақпаратты толық қамтамасыз етілген электронды түрде көре алады.

Ақпараттық терминалдың артықшылығы:

1. Жеңіл және түсінікті (адамның көмегінсіз анықтаманы көру және ішкі жүйесін басқара алу)
2. Жылдам (берілген ақпаратты жылдам алу және жаңарту)
3. Әдемі (ішкі фантазиясын яғни, бірегей дизайнын өзгертуге болады)
4. Сенімді (вирустық жұғу қаупі жоқ)
5. Уақыт үнемділігі (ақпарат алуда уақыт жылдамдығы)

Ақпараттық терминалдың қызмет көрсетуі:

Оқу орны қызметкерлеріне ақпарат беріп қоймай, сырттан келушілерге де ақпарат бере алады. Сіз алатын мәліметтер мен құжаттарды хатшы немесе бөлім меңгерушісі қызметкерінің көмегінсіз таныса және баспадан шығара аласыз. Қазіргі уақытта мекеме құрылымын қалыптастыруға, ашық ақпарат алуға және сол мекеменің тынысымен танысуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық терминалды пайдалану мүмкіндіктері:

Ақпараттық терминал – оқу орнының ішкі құрылымын көрсетуіне мүмкіндік беретін, кез-келген ақпаратты (тарихы, әкімшіліктер, оқытушылар, студенттер, талапкерлер туралы сонымен қатар, сабақ кестесі, суреттер, бейне көріністер, хабарландырулар т.б.) ұсынады. Талапкерлер үшін ұсынылған ақпарат бойынша оқуға қабылдау кестесімен танысу, керекті құжат тапсыру және емтихан нәтижесінің қорытындысын біле алады. Жүйеге енгізілген мәлімет пен кең көлемді оқу орны туралы ақпарат енгізуге болады.

